

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТУРЫДАН ЕНГІЗІЛГЕН
2022 ж. № 10 Бұйрығы
ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
ПРИКАЗ № 15314 2022

ВМ 0306 4000 49 00

К-05-222 42 64-7 10

Жалғыз акционердің
2022 жылғы 05 сәуірдегі
№ 11 шешімімен
бекітілген

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

АЛМАТЫ, 2022 ЖЫЛ

СМ. НА ОБОРОТЕ

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. «Қазақстанның инвестициялық қоры» акционерлік қоғамының осы Жарғысы (бұдан әрі – Қоғам, Жарғы) Қоғам органдарының құқықтық мәртебесін, мақсаттарын, функцияларын, шешім қабылдау тәртіптері, сонымен қатар Қоғам қызметін қайта ұйымдастыру талаптары мен тоқтату тәртібін және оның қызметіне байланысты басқа да мәселелерді анықтайды.

2. Қоғамның атауы:

мемлекеттік тілде:

толық: «Қазақстанның Инвестициялық Қоры» акционерлік қоғамы;

қысқартылған: «Қазақстанның Инвестициялық Қоры» АҚ, «ҚИҚ» АҚ;

орыс тілінде:

толық: акционерное общество «Инвестиционный фонд Казахстана»;

қысқартылған: АО «Инвестиционный фонд Казахстана», АО «ИФК»;

ағылшын тілінде:

толық: «Investment Fund of Kazakhstan» joint stock company;

қысқартылған: «Investment Fund of Kazakhstan» JSC, «IFK» JSC.

3. Қоғамның орналасқан орны (Қоғам Басқармасының орналасқан орны): Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Зенкова көшесі, 80/4 үй.

2-бөлім. Қоғамның құқықтық мәртебесі

4. Қоғам акционерлік қоғам түріндегі коммерциялық ұйым болып табылады.

5. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Жарғыны және Қоғамның ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

6. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, жеке балансы бар, операцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға сәйкес, сонымен қатар қажетті лицензиялар негізінде жүзеге асырады.

7. Қоғамның жеке мүлкі болуы мүмкін, банктік шоттар аша алады.

8. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өзінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндіріп алу мүмкіндігі бар барлық мүлкімен жауап береді.

9. Қоғам Қоғамның Жалғыз акционерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік көтермейді, ал Қоғамның Жалғыз акционері Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелін оған тиесілі акциялар құны аясында көтереді.

10. Қоғамның фирмалық атауы, эмблемасы, мөртаңбасы бар мөрі және бланктары болады, олардың үлгілерін Қоғам Басқармасының Төрағасы бекітеді.

11. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құруға, сонымен қатар заңды тұлғалар құруға және қатысушылары (акционерлері) болуға құқылы.

3-бөлім. Қоғам қызметінің мақсаты және түрлері

12. Қоғам қызметінің мақсаттары:

- 1) индустриалды-инновациялық даму және кәсіпкерлікті қолдау саласындағы жобаларды іске асыру;
- 2) өнеркәсіптік, агроөнеркәсіптік және инфрақұрылымды кәсіпорындардың экономикалық белсенділігін қолдау және қалпына келтіру;
- 3) инвестициялық жобаларды қаржыландыру;
- 4) инвестициялық жобаларды кешенді іске асыру мақсатында қолданылатын құралдар спектрін кеңейту;
- 5) кәсіпорындарды қалпына келтіруге, өндірістерді іске қосуға көмек көрсету.

13. Өз мақсаттарына жету үшін Қоғам келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) оларды дайындауды және құрылымдауды қоса алғанда, инвестициялық жобаларға, соның ішінде мемлекеттік бағдарламалар аясында іске асырылатын жобаларға тікелей инвестиция салуды, сонымен қатар жобалық қаржыландыруды жүзеге асыру;

2) жобаларды экономикалық қалпына келтіруге бағытталған проблемалы қарыздармен жұмыс жасау бойынша шаралар кешенін әзірлеу және жүзеге асыру, соның ішінде борышкерлердің берешектерін қайта құрылымдау және заңнамаға қайшы келмейтін басқа да шаралар;

3) инвестициялық жобаларды іске асыратын заңды тұлғаларға қарыз, қаржылық көмек, кепілдік, тапсырма беру және басқа да қаржылық қолдау көрсету;

4) қазақстандық компаниялардың, соның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан компаниялардың инвестициялық белсенділігін арттыруға отандық және шетелдік компаниялар арасындағы өндірістік кооперацияны қамтамасыз ететін және қосымша және аралас өндірісті дамытатын Қазақстан Республикасынан тыс инвестициялық жобаларды бірлесіп қаржыландыру арқылы көмек көрсету;

5) заңды тұлғалардан инвестициялық жобаларды, соның ішінде стрестік жағдайдағы жобаларды қаржылық-экономикалық қалпына келтіру, құнын және инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында сатып алу және/немесе сыйақы үшін басқаруға қабылдау;

6) стрестік күйдегі инвестициялық жобалармен жұмыс жасау, соның ішінде экономиканың басым секторларындағы ірі өнеркәсіптік және

инфрақұрылымдық кәсіпорындардың экономикалық белсенділігін қолдау және қалпына келтіру бойынша шаралар кешенін әзірлеу және жүзеге асыру;

7) стратегиялық және жеке инвесторларды іздеу және тарту;

8) жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті, соның ішінде мүліктік кешендерді, жер телімдерін, ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтарды, көлік құралдарын және басқа да мүліктерді, соның ішінде жер пайдалану құқықтарын, жер қойнауын пайдалану құқықтарын және басқа да мүліктік құқықтарды жалға беру/сенімгерлік басқаруға беру/өтеусіз қолдануға (қарызға) беру;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлері.

4-бөлім. Таза табысты тарату

14. Таза табысты тарату тәртібін Қоғамның Жалғыз акционері анықтайды.

5-бөлім. Қоғам акциялары туралы жалпы ережелер

15. Қоғам тек жай акцияларды шығаруға құқылы.

16. Қоғам жай акцияларды құжатсыз нысанда шығаруды жүзеге асырады.

6-бөлім. Қоғам акцияларын орналастыру

17. Қоғам өз акцияларын шығаруды мемлекеттік тіркегеннен кейін оларды акциялардың жарияланған саны шегінде бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастыруға құқылы.

18. Акцияларды орналастыру Жалғыз акционердің акцияларды немесе Қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алу, бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында өткізілетін жазылулар мен аукциондардың, не болмаса бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында өткізілетін жазылулар мен аукциондардың құқын іске асыруы, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда Қоғамның бағалы қағаздарын және (немесе) ақшалай міндеттемелерін Қоғам акцияларына айырбастауы арқылы жүзеге асырылады.

19. Акцияларды шығару, орналастыру, айналымға шығару талаптары мен тәртіптері, сонымен қатар акциялар бойынша дивидендтер төлеу мерзімділігі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен және акцияларды шығару проспектімен бекітіледі.

20. Қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ақша, мүліктік құқықтар (соның ішінде интеллектуалды меншік нысандарының

құқықтары) және басқа да мүліктер салынуы мүмкін.

Ақшадан басқа мүлікпен төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалаушы анықтаған баға бойынша жүзеге асырылады.

7-бөлім. Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесі

21. Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізуді тек орталық депозитарий ғана жүзеге асыра алады. Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу, сонымен қатар ол бойынша ақпараттарды бағалы қағаздар нарығын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға ұсыну тәртібі бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамамен анықталады.

22. Орналастырылған акцияларды толығымен төлемейінше Қоғамның осы акцияны оны сатып алушының Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесіндегі жеке шотына аудару (номиналды ұстауды есепке алу жүйесі) туралы бұйық беруге құқығы жоқ.

8-бөлім. Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары

23. Қоғамның Жалғыз акционері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Қоғамның Жалғыз акционері және осы Жарғыда анықтаған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Қоғам органдары қабылдаған шешімді сот тәртібімен даулауға;

6) Қоғам қызметі туралы жазбаша сұраныспен Қоғамға жүгіну және сұраныс Қоғамға келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

7) қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігін алуға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен Қоғамның акцияларына айырбасталатын акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды артықшылықты сатып алуға;

9) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

10) Қоғам аудитіне өз есебінен аудиторлық тексеру жүргізуді талап етуге;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғам Жарғысында қарастырылған басқа да құқықтарды іске асыруға құқылы.

9-бөлім. Қоғамның Жалғыз акционерінің міндеттері

24. Қоғамның Жалғыз акционері:

1) акцияларды төлеуге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіп пен мерзімде орталық депозитарийге және (немесе) Жалғыз акционерге тиесілі акцияларды нақтылы ұстаушыға, қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын ақпаратты жарияламауға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген басқа да міндеттемелерді орындауға міндетті.

10-бөлім. Қоғам органдары

25. Қоғамның органдары:

жоғары орган – Жалғыз акционер;

басқару органы – Директорлар кеңесі;

атқарушы орган – Басқарма;

Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес басқа да органдар.

11-бөлім. Қоғамның Жалғыз акционері

26. Қоғамның Жалғыз акционерінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Қоғамды корпоративтік басқару кодексін, сонымен қатар оның өзгерістері мен толықтыруларын бекіту;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату;

4) Қоғамның жарияланған акциялар санын арттыру немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның құнды қағаздарын айырбастау шарттарын, мерзімдерін және тәртібін анықтау, сонымен қатар оны өзгерту;

6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

7) бір түрдегі орналастырылған акцияларды екінші түрдегі акцияларға ауыстыру туралы шешім қабылдау, осындай ауыстыру талаптары мен тәртібін анықтау;

8) Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіліктерінің мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қоғамның Директорлар кеңесіне өз міндеттемелерін

орындағаны үшін сыйақы мен шығындар өтемақысын төлеу мөлшері мен талаптарын анықтау;

9) Басқарма Төрағасын сайлау, сонымен қатар оның өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, және Қоғам Басқарма Төрағасының лауазымдық жалақысының мөлшерін анықтау;

10) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;

11) Қоғамның жылдық қаржылық есебін бекіту;

12) Қоғамның есептік қаржылық жылдағы таза табысын тарату тәртібін бекіту, Қоғам акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір акциясына есебімен дивидендтер мөлшерін бекіту;

13) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

14) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

15) Қоғамның Қоғамға барлық тиесілі активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы басқа заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуы не болмаса басқа заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның ұйымдастырылмаған нарықтан акцияларды сатып алуы кезінде олардың құнын анықтау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер әдістеме құрылтайшылар жиналысында бекітілмеген болса, оны бекіту);

17) Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғам қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін анықтау, соның ішінде егер мұндай тәртіп осы Жарғыда анықталмаған болса;

18) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;

19) Қоғамның нәтижесінде қоғам мүлікті иелігінен шығаратын (иелігінен шығаруы мүмкін), құны мәміле туралы шешім қабылданған күні Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын, нәтижесінде елу және одан да көп пайызы иелігінен шығатын (иелігінен шығуы мүмкін) ірі мәмілені жасауы туралы шешім қабылдау;

20) Жалғыз акционер анықтайтын тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

21) Қоғам қызметінің мәселелері бойынша оның орындауы үшін тікелей (шұғыл) тапсырмалар беру;

22) Қоғамның Басқарма Төрағасын материалдық және тәртіптік жауапкершілікке тарту, жұмыстан шеттету, тәртіптік жазаларды уақытынан бұрын алып тастау;

23) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу,

оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

24) Қоғамда тексерулер (ревизиялар) тағайындау туралы шешім қабылдау;

25) шешімдер қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен Қоғамның Жалғыз акционерінің ерекше құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер.

27. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқасы көзделмеген болса, шешім қабылдау осы Жарғымен Қоғамның Жалғыз акционерінің ерекше құзыретіне, Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді беруге тыйым салынады.

28. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге де органдарының кез келген шешімін болдырмауға құқылы.

12-бөлім. Қоғамның Директорлар кеңесі

29. Қоғамның Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен Қоғамның Жалғыз акционерінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметін жалпы басқаруды жүзеге асырады.

30. Қоғамның Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын анықтау;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, акциялардың орналастырылуы (сатылуы), оның ішінде жарияланған акциялардың шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, орналастыру (сату) тәсілі және бағасы туралы шешімді қабылдау;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

5) комитеттер құру, олар туралы ережелерді бекіту, сонымен қатар директорлар кеңесі комитетінің мүшелерін сайлау, өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;

6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын анықтау, сонымен қатар оларды шығару туралы шешім қабылдау;

7) Қоғам Басқармасының сандық құрамын, өкілеттілігінің мерзімін,

жұмыс жасау тәртібін анықтау, Басқарма Төрағасынан басқа, Қоғам Басқармасының мүшелерін сайлау, сонымен қатар Басқарма Төрағасын қоспағанда, олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) Қоғамның Басқарма Төрағасын қоспағанда, Қоғамның Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбек ақы төлеу және сыйақы беру талаптарын анықтау;

9) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттілігінің мерзімін анықтау, оның жетекшісі мен мүшелерін тағайындау, сонымен қатар олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмыс жасау тәртібін, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің мүшелеріне еңбек ақы төлеу сыйақы беру мөлшері мен талаптарын анықтау;

10) Қоғамның корпоративтік хатшысын тағайындау, өкілеттілігінің мерзімін, жұмыс жасау тәртібін анықтау, Қоғамның корпоративтік хатшысының өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы беру талаптарын анықтау;

11) қаржылық есептілікке аудит жүргізгені үшін аудиторлық ұйымның, сонымен қатар қоғам акцияларын төлеу үшін берілген не болмаса ірі мәміленің нысаны болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтерін төлеу мөлшерін анықтау;

12) Директорлар кеңесі анықтаған тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның Жалғыз акционері және Басқармасы қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), соның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу талаптары мен тәртібін бекітетін ішкі құжаттарды бекіту;

13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау, сонымен қатар олар туралы ережелерді бекіту;

14) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын иемденуі (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдауы;

15) акцияларының он және одан да көп пайызы (жарғылық капиталға қатысу үлесі) Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне қатысты қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;

16) Қоғам міндеттемелерін оның жеке капиталының он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға арттыру;

17) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын ақпаратты анықтау;

18) жасау туралы шешімді Қоғамның Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның жасау мүддесі бар мәмілелер мен ірі мәмілелерді

жасау туралы шешім қабылдау;

19) Басқарма Төрағасын қоспағанда, Қоғамның Басқарма мүшелерін материалдық және тәртіптік жауапкершілікке тарту, жұмыстан шеттету, тәртіптік жазаларды уақытынан бұрын алып тастау;

20) Жалғыз акционермен келісім бойынша 300 000 (үш жүз мың) теңгеден астам сомада демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсету туралы шешім қабылдау;

21) Қоғам қызметінің мәселелері бойынша оның орындауы үшін тікелей (шұғыл) тапсырмалар беру;

22) Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатпайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда қарастырылған басқа да мәселелер.

31. Тізімі Жарғының осы бөлімінің 30 тармағында бекітілген мәселелер Қоғам Басқармасының шешуіне ұсыныла алмайды.

32. Қоғамның директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға, Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сонымен қатар Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.

13-бөлім. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы

33. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады. Директорлар кеңесі мүшесінің оған Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Жарғыға сәйкес артылған функцияларды орындауды басқа тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

34. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері келесілер қатарынан сайланады:

1) Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның Жалғыз акционерінің мүддесін ұсынушы ретінде ұсынған (таныстырған) тұлғалар;

2) Жалғыз акционер емес және Қоғамның Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің өкілдеріне ретінде сайлауға ұсынылмаған (таныстырылмаған) жеке тұлғалар.

35. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесіне кандидат өз міндеттемелерін орындау және Қоғамның Жалғыз акционерінің және Қоғамның мүддесінде Қоғамның Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті іскери және салалық орташа тиісті жұмыс тәжірибесіне, білімге, біліктілікке. Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры лауазымына сайланатын кандидат Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген талаптарды қанағаттандыруы тиіс.

36. Қоғам Басқармасының Төрағасын қоспағанда, Қоғам Басқармасының мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғам Басқармасының Төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы ретінде сайлана алмайды.

37. Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық мүшесі кемінде 3 (үш) адамды құрайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамынан кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

14-бөлім. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттілік мерзімі

38. Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттілігінің мерзімін Жалғыз акционер анықтайды. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Қоғам Жарғысында басқасы қарастырылмаған болса, Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғалар бірнеше рет шектелмей қайта сайлана алады.

Тәуелсіз директорлар үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады, кейіннен тәуелсіз директорлар тағы да үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлана алады.

39. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

40. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіліктерін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттілігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Қоғамның Жалғыз акционерімен жүзеге асырылады, бұл ретте Қоғамның Директорлар кеңесінің қайта сайланған мүшесінің өкілеттілігі Қоғамның директорлар кеңесінің өкілеттілігі аяқталатын мерзіммен бір уақытта аяқталады.

15-бөлім. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы

41. Қоғамның директорлар кеңесінің Төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің қатарынан Қоғамның Жалғыз акционерінің ұсыныстарын есепке ала отырып, ашық дауыс беру арқылы сайланады. Қоғамның Директорлар кеңесі кез келген уақытта Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасын қайта сайлауға құқылы.

42. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы келесі функцияларды

жүзеге асырады:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын жүргізеді;
- 3) Қоғамның Директорлар кеңесінің тиімді қызметін жүзеге асырады;
- 4) Қоғамның Жалғыз акционерімен тиімді байланысты, Қоғамның Жалғыз акционерінің көзқарасын Қоғамның Директорлар кеңесіне жеткізуді қамтамасыз етеді;

- 5) Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдері негізінде Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерімен шарт жасайды;

- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында қарастырылған басқа да органдар.

43. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

16-бөлім. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру

44. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы немесе келесілердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның;
- 3) Қоғамның Жалғыз акционерінің;
- 4) Қоғамның ішкі аудит қызметінің;

45. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасына Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібінен тұратын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты өткізуден бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен Қоғам Басқармасына жүгінуге құқылы, ол Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Қоғам Басқармасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күнінен кешіктірмей шақыруы тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақырта отырып өткізіледі.

46. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғамның директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Қоғамның Директорлар кеңесі анықтайды.

47. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғам Басқармасына оның Қоғамның директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы

туралы алдын ала хабарлауы тиіс.

17-бөлім. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы

48. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде жартысын құрайды. Қоғамның Директорлар кеңесі отырысты бейне конференциялық байланысты және телефонды байланысты, сонымен қатар Қоғамның Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысын бастағанға дейін бір сағат бұрын Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі ұсынған жазбаша пікірді қолдана отырып өткізе алады.

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың алдыңғы азатжолында анықталған кворумға жету үшін жеткіліксіз болған жағдайда Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау мәселесін Қоғамның Жалғыз акционерінің қарастыруына ұсынуға міндетті. Қоғамның Директорлар кеңесінің қалған мүшелері осындай мәселені Қоғамның Жалғыз акционерінің қарастыруына ұсыну туралы шешімді ғана қабылдауға құқылы.

49. Қоғамның Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқасы көзделмеген болса, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері Қоғамның Директорлар кеңесінің дауыс беруге қатысатын мүшелерінің қарапайым көп дауысымен қабылданады, бұл ретте «қалыс қалды» сөзімен білдірілген дауыс беру нұсқасы дауыс беру қорытындысын шығару кезінде есепке алынбайды. Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беру кезінде дауыс беру құқығын Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері басқа тұлғаға бере алмайды.

Дауыстар тең түскен кезде Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының немесе Қоғамның Директорлар кеңесі отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

50. Қоғамның Директорлар кеңесі тек Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өздерінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

51. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесінің қарастыруына ұсынылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдай және осындай шешімдерді қабылдау тәртібін бекіте алады.

52. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдеріне Директорлар кеңесінің отырысына қатысқан / дауыс беруге қатысқан барлық мүшелері және Корпоративтік хатшы не болмаса оны алмастыратын тұлға қол қояды. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында бетпе-бет және (немесе) сырттай дауыс беру түрі кезінде өткізу, шешім қабылдау және рәсімдеу тәртібі

Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.

53. Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдері және Қоғамның Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырыстары бойынша хаттамалар Қоғам мұрағатында сақталады.

Қоғамның Корпоративтік хатшысы Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін ұсынуға және (немесе) оған Қоғамның корпоративтік хатшысының қолымен және өз мөрімен куәландырылған хаттамадан үзінді көшірме мен шешімдерді беруге міндетті.

54. Айтарлықтай маңызды мәселелерді қарастыру және Директорлар кеңесіне ұсыныстарды дайындау үшін Қоғамда Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы тиіс.

55. Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері келесі сұрақтарды қарастырады;

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарында қарастырылған басқа да мәселелер.

18-бөлім. Қоғам Басқармасы

56. Ағымдағы қызметті басқаруды Қоғам Басқармасы жүзеге асырады. Қоғам Басқармасы Қоғамның алқалы атқарушы органы болып табылады. Қоғам Басқармасының сандық құрамы кемінде 3 (үш) адамды құрайды.

Қоғам Басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Қоғамның ішкі құжаттарымен Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған, Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Басқарма мүшелері Жалғыз акционердің өкілдері және Жалғыз акционердің өкілі болып табылмайтын Қоғам қызметкерлері бола алады.

Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда тек Директорлар кеңесінің келісімімен ғана, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған шектеулерді және (немесе) тыйымдарды есепке ала отырып, жұмыс жасауға құқылы.

Қоғамның Басқарма Төрағасы атқарушы орган басшысының не атқарушы органның, басқа заңды тұлғаның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның, лауазымын атқаруға не қызмет нысанасы қаржылық қызметтерді көрсету болып табылатын шетелдік заңды тұлға филиалы басшысының лауазымын атқаруға құқылы емес.

Қоғам Басқармасы Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Қоғам Басқармасы Қоғамда бекітілген талаптарды бұза отырып жасаған мәмілелердің жарамдылығы үшін Қоғам дауласуға құқылы.

57. Қоғам Басқармасы мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Қоғамның ішкі құжаттарымен, сонымен қатар аталған тұлғаның Қоғаммен жасаған еңбек шартымен анықталады. Қоғам атынан Қоғамның Басқарма Төрағасымен жасалған еңбек шартына Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Қоғамның Жалғыз акционері осы үшін уәкілеттілік берген тұлға қол қояды. Қоғам Басқармасының басқа мүшелерімен жасалған еңбек шартына Қоғамның Басқарма Төрағасы қол қояды.

19-бөлім. Қоғам Басқармасының өкілеттіліктері

58. Қоғамның Басқармасының ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның жылдық бюджетін бекіту;
- 2) салықтық есептік саясатты бекіту;
- 3) есептік саясатты бекіту;
- 4) Қоғамның штаттық кестесі мен ұйымдық құрылымын бекіту;
- 5) бекіту Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Жарғымен Жалғыз акционердің және (немесе) Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған құжаттарды қоспағанда, қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын ішкі құжаттарды бекіту;

- 6) Қоғам қызметкерлерінің жалақысы, сыйақысы, әлеуметтік қолдау көрсету туралы ережелерін, лауазымдық жалақы схемасын бекіту (Басқарма мүшелерін, ішкі аудит қызметтерін, Қоғамның корпоративтік хатшысын қоспағанда);

- 7) 300 000 (үш жүз мың) теңгеден аспайтын сомада демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсету туралы шешім қабылдау;

- 8) Қоғам Басқармасы жанындағы комитеттерді (комиссияларды) құру, құрамын анықтау туралы шешімдер қабылдау, олар туралы ережелерді бекіту;

- 9) Қоғам міндеттерін оның жеке капиталының мөлшерінен екіден он пайызға дейін құрайтын шамаға арттыру және Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) осы Жарғымен Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның ішкі құжаттарында қарастырылған жағдайларда басқа да мәмілелер жасау;

- 10) акцияларының оннан кем пайызы (жарғылық капиталға қатысу үлесі) Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне қатысты қызмет мәселелері бойынша шешім

қабылдау;

11) осындай шешімдерді Жалғыз акционермен келіскен жағдайда, егер болжанатын мәміленің сомасы шешім қабылдау күні Қоғамның жеке капиталының мөлшерінен 25% (жиырма бес пайыздан) кем болса, негізгі борышқа салынған негізгі борыштың және(немесе) сыйақының және (немесе) инвестициялық өсімнің бір бөлігін шегеру арқылы берешекті қайта құрылымдау, сонымен қатар төлемдер графигін өзгерту, тұрақсыздық айыбын, сыйақыны шегеру, инвестиция салу / кредит беру мерзімдерін өзгерту, қаржыландыру / инвестиция салу талаптарын өзгерту және берешекті қайта құрылымдау аясында басқа да шаралар туралы шешім қабылдайды;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес борышкер таратылған жағдайда осындай борышкердің Қоғам алдындағы міндеттемелерін тоқтату туралы шешім қабылдайды;

13) Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының ерекше құзыретіне жатпайтын қоғам қызметін қамтамасыз етуге байланысты басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

20-бөлім. Қоғам Басқармасы Төрағасының өкілеттіліктері

59. Қоғам Басқармасының жетекшісі болып Қоғам Басқармасының Төрағасы табылады.

60. Қоғам Басқармасының Төрағасы:

1) Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында Қоғам атынан әрекет ету құқығын алуға сенімхаттар береді;

4) Қоғам қызметкерлерін (Қоғам Басқармасы мүшелерін, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін және корпоративтік хатшыны қоспағанда) қабылдауды, жылжытуды, аударуды, олармен жасалған еңбек шарттарын бұзуды жүзеге асырады, оларға сыйақы беру шараларын қолданады және тәртіптік жаза тағайындайды, Қоғам Басқармасының құрамына кіретін қызметкерлерді, Қоғамның Ішкі аудит қызметін және Қоғамның корпоративтік хатшысын қоспағанда, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін бекітеді, Қоғам қызметкерлерінің сыйақыларының мөлшерін анықтайды;

5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттемелерін орындауды бұйрық негізінде Қоғам Басқармасы мүшелерінің біріне табыстайды;

6) жауапкершіліктерді, сонымен қатар өкілдік және жауапкершілік салаларын Қоғам Басқармасы мүшелері арасында таратады;

7) Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында қарастырылған жағдайларда Қоғам міндеттемелерін жеке капитал мөлшерінен екі пайызға кем сомаға арттыру мәселесі бойынша шешімдер қабылдайды;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында бекітілген тәртіппен мәмілелер жасау туралы шешім қабылдайды және Қоғам атынан мәмілелер жасайды;

9) Директорлар кеңесі шешімдерінің негізінде Басқарма мүшелерімен, корпоративтік хатшымен және Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерімен еңбек шарттарын жасайды;

10) өз құзыреті аясында Қоғамның барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен қаулылар шығарады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда, осы органдардың құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның Жалғыз акционерінің және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерінде анықталған басқа да функцияларды жүзеге асырады.

21-бөлім. Қоғам Басқармасының отырыстары

61. Қоғам Басқармасы жүйелі отырыстар өткізіп тұрады. Басқарма мүшелері отырыс өткізілетін күнге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей күн тәртібі мәселелері туралы ақпараттар алады. Бұл ретте Қоғам Басқармасы өздерінің отырыстарын бетпе-бет тәртіппен өткізеді. Қоғам Басқармасының отырысын өткізудің сырттай нысаны Қоғамның ішкі құжаттарында қарастырылған ерекше жағдайларда ғана рұқсат етіледі.

62. Қоғам Басқармасының отырысын шақыру, дайындау және өткізу тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.

63. Қоғам Басқармасының отырысын өткізуге арналған кворумды Басқарманың сайланған мүшелерінің санының кемінде жартысын құрайды.

64. Қоғам Басқармасының отырысында шешімдер қабылдау кезінде Қоғам Басқармасының әр мүшесі бір дауысқа ие.

65. Қоғам Басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, соның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беруге рұқсат етілмейді.

66. Қоғам Басқармасының шешімдері отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің қарапайым көп дауысымен қабылданады.

67. Дауыстар тең түскен жағдайда Қоғам Басқармасы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

68. Шешімдерді шұғыл қабылдау мақсатында Қоғам Басқармасы отырыстары Қоғамның орналасқан орынан тыс орналасқан және Қоғам Басқармасының отырысына қатысу мүмкіндігі бар Қоғам Басқармасының мүшелерімен тиісті байланыс құралдарын (аудио, бейне) қолдана отырып, селекторды жиналыс арқылы өткізіле алады. Бұл ретте өткізілетін Басқарма

отырыстарының барлық материалдары Қоғамның ішкі құжаттарымен бекітілген тәртіпте Қоғамның барлық мүшелеріне, соның ішінде Қоғам орналасқан жерден тыс орналасқан Қоғам Басқармасының мүшелеріне электронды пошта арқылы жіберіледі. Мұндай Қоғам Басқармасының отырыстары бетпе-бет тәртіппен өткізілді деп танылады.

69. Қоғам Басқармасының шешімдері отырысқа қатысушы барлық Қоғам Басқармасы мүшелері, соның ішінде отырысқа қатысқан, бірақ Қоғам орналасқан жерден тыс орналасқан Қоғам Басқармасының мүшелері қол қойған хаттамамен рәсімделеді және дауыс беруге ұсынылған мәселелерден, әр мәселе бойынша Қоғам Басқармасының әр мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, ол бойынша дауыс беру нәтижелерінен тұрады.

22-бөлім. Қоғамның ішкі аудит қызметі

70. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізу, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында корпоративтік басқару және кеңес беру саласындағы құжаттарды орындау үшін Қоғамда Ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

71. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына және (немесе) Басқарма мүшелері болып сайлана алмайды.

72. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен мүшелерін қызметке Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындайды. Қоғамның Ішкі аудит қызметі Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өз қызметі туралы есеп береді.

73. Ішкі аудит қызметі Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес құрылған аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңеспен өзара іс-қимыл жасайды.

23-бөлім. Қоғамның үлестес және лауазымды тұлғалары

74. Қоғамның үлестес тұлғалары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.

75. Қоғамның үлестес тұлғалардың қатысуымен мәмілелер жасауының ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітіледі.

76. Қоғам үлестес тұлғалар немесе орталық депозитарий ұсынатын мәліметтер негізінде оларды есепке алуды жүргізеді (тек уәкілетті орган бекіткен тәртіппен ірі акционерлер болып табылатын тұлғаларға ғана қатысты).

77. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамға өздерінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты үлестестік туындаған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде ұсынады.

Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар Қоғамға үлестестік туындаған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.

78. Қоғамның үлестес тұлғалары туралы ақпаратты ұсыну Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

24-бөлім. Қоғамның қаржылық есептілігі

79. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есебін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітіледі.

25-бөлім. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі

80. Қоғам Басқармасы жыл сайын Қоғамның Жалғыз акционеріне өткен қаржылық жылдың жылдық қаржылық есептілігін ұсынады (қаржылық жыл болып 01 қаңтар және 31 желтоқсан аралығындағы күнтізбелік жыл табылады), оны талқылау және бекіту үшін оған аудит Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілген. Қаржылық есептілікпен қатар, Қоғам Басқармасы Қоғамның Жалғыз акционеріне аудиторлық есепті ұсынады.

81. Жылдық қаржылық есептілікті Қоғамның Директорлар кеңесі оны Қоғамның Жалғыз акционерінің қарастыруына ұсынған күнге дейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей алдын ала бекітуі тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін Қоғамның Жалғыз акционері бекітеді.

82. Қоғам уәкілетті орган бекіткен тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті жыл сайын жариялауға міндетті. Қоғам басқа да қаржылық есептілікті қосымша жариялауға құқылы. Ірі мәміле және (немесе) жасауға мүдделі мәміле туралы ақпарат халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептіліктің түсіндірме жазбада ашылады, сонлай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізіледі. Нәтижесінде Қоғам активтері мөлшерінен он және одан да көп пайыз сомаға мүлік сатып алынатын не болмаса иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәміле мерзімі мен талаптары, тартылған тұлғалардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерден, сонлай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтерді қамтуы тиіс.

26-бөлім. Қоғам аудиті

83. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің дұрыстығын, сонымен қатар істерінің ағымдағы күйін тексеру және растау үшін Қоғам қаржылық жылдық қорытындылары бойынша ол аяқталғаннан кейін 90 күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жалғыз

акционерінің шешімдеріне сәйкес жыл сайынғы аудит жүргізуге міндетті.

84. Қоғам аудиті Қоғамның Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша Қоғам есебінен не болмаса Қоғамның Жалғыз акционерінің талабы бойынша оның есебінен жүргізіле алады. Қоғамның Жалғыз акционері аудиторлық ұйымды өз бетінше анықтауға құқылы. Қоғамның Жалғыз акционерінің талабы бойынша аудит жүргізген жағдайда Қоғам аудиторлық ұйым сұрататын барлық қажетті ақпараттарды (материалдарды) ұсынуға міндетті.

85. Егер Қоғам Басқармасы Қоғамға аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша сот шешімімен тағайындала алады.

27-бөлім. Қоғамның ақпаратты жариялауы

86. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында жария етуге міндетті.

28-бөлім. Қоғам құжаттары

87. Қоғам қызметіне қатысты Қоғам құжаттары Қоғам қызметінің барысында Қоғам атқарушы органы орналасқан орны бойынша сақталуы тиіс.

Келесі құжаттар сақталуы тиіс:

- 1) Қоғам Жарғысы, оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 2) Қоғамды құру туралы шешім;
- 3) Қоғамның белгілі бір қызмет түрлерімен шұғылдануына және (немесе) белгілі бір әрекеттерді (операцияларды) жасауына берілген рұқсаттар;
- 4) Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдері (шешімдерден үзінді көшірмелер) және олардың тиісті материалдары;
- 5) Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары (сырттай отырыстардың шешімдері) және бюллетеньдер (соның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның жарғысына және акцияларын шығару проспектісіне сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтарын қозғайтын Қоғамның директорлар кеңесінің күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдар;
- 6) Қоғам Басқармасы отырыстарының хаттамалары(шешімдері);
- 7) Қоғамның тиісті органдар ұсынатын қаржылық есептілігі;
- 8) Қоғамның оның балансында орналасқан (орналасатын) мүліктерге құқығын растайтын құжаттар;
- 9) аудиторлық есептер;

- 10) бағалаушылардың Қоғам мүлкін бағалау туралы есептері;
- 11) Қоғамның ішкі құжаттары;
- 12) Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектітері;
- 13) Қоғамның бағалы қағаздарын шығаруды мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздардың күшін жоюды растайтын құжаттар, сонымен қатар Қоғамның уәкілетті органдарға ұсынылған бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерін бекіту;
- 14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған басқа да ішкі құжаттар.

88. Қоғамның Жалғыз акционерінің талабы бойынша Қоғам осындай талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешікпейтін мерзімде оған осы бөлімнің 87-тармағында қарастырылған құжаттар көшірмесін ұсынуды талап етуге міндетті.

Қоғамның қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын ақпараттарынан тұратын бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналымға шығарудың және айырбастаудың жекелеген мәселелерін реттетін құжаттар танысу үшін Қоғамның Жалғыз акционеріне оның талабы бойынша ұсынылуы тиіс.

29-бөлім. Еңбек қатынастары

89. Қоғам және оның қызметкерлері арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Қоғам қызметкерлерімен жасалатын еңбек шарттарымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі.

30-бөлім. Қоғамды қайта ұйымдастыру

90. Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, ерекшелеу, түрлендіру) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

91. Қайта ұйымдастыру ерікті немесе мәжбүрлі түрде жүргізілуі мүмкін.

92. Мәжбүрлі түрде қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда сот органдарының шешімдері бойынша жүзеге асырыла алады.

31-бөлім. Қоғамды тарату

93. Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешімді Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен қабылдайды.

94. Қоғамды мәжбүрлі түрде таратуды сот Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда жүзеге асырады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде басқасы қарастырылмаған болса, Қоғамды тарату туралы талапты сотқа мүдделі тараптар қоя алады.

95. Соттың немесе Жалғыз акционердің Қоғамды тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады.

Тарату комиссиясы Қоғамды тарату кезеңінде оны басқару және тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамада анықталған әрекеттерді жасау бойынша өкілеттіліктерге ие.

Ерікті түрде тарату кезінде тарату комиссиясының құрамына Жалғыз акционердің өкілдері, сонымен қатар Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес басқа да тұлғалар кіруі тиіс.

96. Қоғамды тарату процедурасы және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

32-бөлім. Қорытынды ережелер

97. Егер осы Жарғының қандай да бір ережесі жарамсыз болса, бұл қалған ережелерінің жарамсыз болуына алып келмейді. Қажет болған жағдайда осы Жарғыға Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда бекітілген тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

98. Осы Жарғыға жасалатын барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша рәсімделеді және тіркеу және қайта тіркеу үшін (егер мұндай тіркеу/қайта тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша талап етілетін болса) Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарына ұсынылады және осы Жарғының ажырамас бөлігі болып табылады.

99. Осы Жарғыда көрсетілмеген Қоғам қызметін ұйымдастыру мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

100. Осы Жарғы мемлекеттік және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалған және қол қойылған.

Мемлекеттік және орыс тіліндегі мәтіндер арасында келіспеушіліктер болған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басымдыққа ие.

**«Қазақстанның инвестициялық қоры»
Акционерлік қоғамының
Басқарма Төрағасы**


К.М. Назаргул



Назаргул

Мокшанов

Михайлов



Утвержден решением
Единственного акционера
от 05 апреля 2022 года
№11

**УСТАВ
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«ИНВЕСТИЦИОННЫЙ ФОНД КАЗАХСТАНА»**

Алматы, 2022 год

Раздел 1. Общие положения

1. Настоящий Устав акционерного общества «Инвестиционный фонд Казахстана» (далее – Устав, Общество) определяет правовой статус, цели, функции, полномочия, порядок принятия решений органами Общества, а также условия реорганизации и порядок прекращения деятельности Общества и другие вопросы, связанные с его деятельностью.

2. Наименование Общества:

на государственном языке:

полное: «Қазақстанның Инвестициялық Қоры» акционерлік қоғамы;

сокращенное: «Қазақстанның Инвестициялық Қоры» АҚ, «ҚИК» АҚ;

на русском языке:

полное: акционерное общество «Инвестиционный фонд Казахстана»;

сокращенное: АО «Инвестиционный фонд Казахстана», АО «ИФК»;

на английском языке:

полное: «Investment Fund of Kazakhstan» joint stock company;

сокращенное: «Investment Fund of Kazakhstan» JSC, «IFK» JSC.

3. Место нахождения Общества (место нахождения Правления Общества): Республика Казахстан, город Алматы, район Медеуский, улица Зенкова, дом 80/4.

Раздел 2. Правовой статус Общества

4. Общество является коммерческой организацией в форме акционерного общества.

5. Общество в своей деятельности руководствуется законодательством Республики Казахстан, настоящим Уставом и внутренними документами Общества.

6. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, осуществляет операции в соответствии с законодательством Республики Казахстан, настоящим Уставом, а также на основании необходимых лицензий.

7. Общество имеет собственное имущество, может открывать банковские счета.

8. Общество несет ответственность по своим обязательствам всем своим имуществом, на которое может быть обращено взыскание в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

9. Общество не несет ответственность по обязательствам Единственного акционера Общества, а Единственный акционер Общества не отвечает по обязательствам Общества и несет риск убытков, связанных с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих ему акций.

10. Общество имеет печать с указанием своего фирменного наименования, эмблему, штампы и бланки, образцы которых утверждаются

Председателем Правления Общества.

11. Общество вправе создавать филиалы и представительства, а также создавать и быть участником (акционером) юридических лиц в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Раздел 3. Цели и виды деятельности Общества

12. Целями деятельности Общества являются:

- 1) реализация проектов в области индустриально-инновационного развития;
- 2) поддержка и восстановление экономической активности промышленных, агропромышленных и инфраструктурных предприятий;
